



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Экономика және бизнес жоғары мектебі
«Экономика» кафедрасы**

**«Экономика» бағыты бойынша
СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСЫН (СҒЗЖ)ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Құрметті оқытушылар мен студенттер!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебінің «Экономика» кафедрасы Самарқанд экономика және сервис институтымен бірлесіп, 2026 жылдың 17-18 ақпан аралықта студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша халықаралық конкурс өткізеді.

Конкурс тақырыбы:

"Цифрлық трансформацияның бизнес-процестердің тиімділігіне және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне әсері"

Конкурстың мақсаты-студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру, академиялық ұтқырлықты дамыту, халықаралық ғылыми өзара іс-қимылға жәрдемдесу және цифрлық экономика мен бизнес-ортаны трансформациялау саласындағы перспективалық зерттеулерге қолдау көрсету.

Конкурсқа Қазақстан, Өзбекстан және басқа да шетелдік жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтары бойынша білім алып жатқан 3 және 4 курс студенттері шақырылады. Қатысушылар ғылыми-зерттеу жұмысын саны 2 адамға дейінгі команда құрамында бейіндеуші жетекші кафедраның аға оқытушысы, доценті немесе профессорының жетекшілігімен дайындайды. Үміткерлерді ұсыну құқығын жоғары оқу орындары дербес белгілейді.

Жұмыс тілдері: қазақ, өзбек, орыс, ағылшын тілдері

Қатысу формасы: қашықтан

Конкурстың негізгі бағыттары:

1. Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және басқару жүйелерін цифрлық трансформациялау
 2. Кәсіпорын ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру факторы ретінде қаржылық, есеп және бақылау процестерін цифрландыру
 3. Кәсіпорынның бизнес-процестерін басқару және оңтайландыру жүйесінде цифрлық бизнес-технологияларды дамыту және енгізу
 4. Кәсіпорындағы адами ресурстарды басқару мен ұйымдық дамуды цифрлық трансформациялау
 5. Цифрлық деректер негізінде басқарушылық талдау және экономикалық шешімдер қабылдау
- Конкурс екі кезең бойынша сырттай форматта өткізіледі:
- бірінші кезең-ғылыми-зерттеу жұмыстарын әзірлеу, дайындау;
 - екінші кезең-ұйымдастыру комитетіне конкурстық құжаттарды ұсыну, конкурстық комиссияның жұмысы (Мерзімі: 2026 жылғы 12 ақпанға дейін).

Конкурс нәтижелері бойынша келесі жүлделі орындар тағайындалады:

- "І-орын" - бір команда;
- "ІІ-орын" - үш команда;
- "ІІІ-орын" - төрт команда.

Ғылыми конкурсты өткізу туралы ереже қоса беріледі.

Ұйымдастыру комитеті: Даулиева Г.Р., Андабаева Г.К., Есенгазиева С.К., Әбілда С.К., Кожекенова А.М.

Конкурстық құжаттама мына мекенжай бойынша ұсынылады: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әль-Фараби даңғ 71, «Экономика» кафедрасы, 223-ші кабинет
E-mail: Gulmira.Andabayeva@kaznu.edu.kz
Байланыс телефоны: Кожекенова А.М. (whatsapp) +7(707)8143622
Андабаева Г.К. (whatsapp) +7(701)3203724



ЕРЕЖЕ

"Цифрлық трансформацияның бизнес-процестердің тиімділігіне және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне әсері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша халықаралық конкурс туралы:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже "Цифрлық трансформацияның бизнес-процестердің тиімділігіне және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне әсері" тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша халықаралық конкурсты ұйымдастыру мен өткізудің жалпы тәртібін айқындайды;

1.2 Конкурсты өткізу тәртібі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті "Экономика" кафедрасының Ұйымдастыру комитеті тарапынан белгіленеді және реттеледі;

1.3 Конкурсты жалпы әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуді Ұйымдастыру комитетінің Жұмыс тобы жүзеге асырады.

2. ПӘНІ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Конкурстың пәні – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы. Жұмыс тілдері: қазақ, өзбек, орыс, ағылшын тілдері;

2.2 Конкурстың мақсаты- студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру, академиялық ұтқырлықты дамыту, халықаралық ғылыми өзара іс-қимылды дамыту және цифрлық экономика мен бизнес-ортаны трансформациялау саласындағы перспективалы зерттеулерді қолдау;

2.3 Конкурстың мақсаты келесі міндеттерге қол жеткізуді көздейді:

- студенттердің цифрлық экономика, цифрлық трансформация және заманауи бизнес-технологиялар саласындағы ғылыми-зерттеу құзыреттерін дамыту;

- экономикалық жүйелер мен бизнес-ортаны цифрландырудың жаһандық үрдістерін зерттеуге бағытталған халықаралық ғылыми жобалар мен зерттеулерге студенттердің қатысуын ынталандыру;

- Қазақстан, Өзбекстан және Достастық елдерінің білім беру ұйымдары арасында тұрақты ЖОО аралық және Пәнаралық ғылыми байланыстарды қалыптастыру;

- магистратура мен докторантурада ғылыми қызметті жалғастыруға бағдарланған дарынды және ынталы студенттерді анықтау және қолдау;

- цифрлық қаржы, басқару, экономика және бизнес-аналитика салаларында студенттердің теориялық және практикалық даярлық деңгейін арттыру;

- білім мен ғылымды цифрландыру жағдайында студенттердің зерттеу мәдениеті мен академиялық ұтқырлығын қалыптастыруға ықпал ету

- цифрлық экономика заманауи кәсіпорындардың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы ретінде ғылыми зерттеулерді насихаттау.

3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1 Конкурсқа экономикалық мамандықтары бойынша білім алып жатқан жоғары оқу орындарының 3 және 4 курс студенттері қатыса алады;

3.2 Студенттер ғылыми-зерттеу жұмысын саны 2 адамға дейінгі команда құрамында бейіндеуші жетекші кафедраның аға оқытушысы, доценті немесе профессорының жетекшілігімен дайындайды;

3.3 Үміткерлерді ұсыну құқығын жоғары оқу орындары дербес айқындайды

4. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Ғылыми конкурс жыл сайын (жылына бір рет) өткізіледі;

4.2 Конкурс екі кезең бойынша сырттай форматта өткізіледі

- бірінші кезең-ғылыми-зерттеу жұмыстарын әзірлеу, дайындау;

-екінші кезең-ұйымдастыру комитетіне конкурстық құжаттарды ұсыну, конкурстық комиссияның жұмысы (Мерзімі: 2026 жылғы 13 ақпанға дейін).

4.3 Конкурс жеңімпаздарын айқындаудың барынша объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында Ұйымдастыру комитеті бейіндеуші кафедраның жетекші оқытушылары қатарынан қазылар алқасын құрады. Қазылар алқасы жобаларды бағалау критерийлерінің балдық-рейтингтік жүйесін әзірлейді;

4.4 Конкурсқа қатысушыларға келесі жағдайларда конкурстық құжаттарды қабылдаудан бас тартылуы мүмкін:

Құжаттарды белгіленген мерзімнен кеш ұсыну;

конкурстық құжаттардың мазмұны мен ресімделуі талаптарғына әйкес келмеуі;

антиплагиат жүйесі арқылы тексеру нәтижесінде мәтінде сәйкессіздіктер мен академиялық адалдық қағидаларының бұзылуы анықталған (мәтіннің бірегейлігі кемінде 70% болуы тиіс);

қатысушының тиісті жоғары оқу орнының 3-4 курс студенті екенін растайтын анықтаманың болмауы.

5. ҚОРЫТЫНДЫЛАРДЫ ШЫҒАРУ

5.1 Конкурс нәтижелері бойынша келесі жүлделі орындар тағайындалады:

– "I-орын" - бір команда;

– "II-орын" - үш команда;

– "III-орын" - төрт команда.

5.2 Қатысушыларға сертификаттар табысталады, үздік жұмыстар жариялауға және кейінгі ғылыми іс-шараларға қатысуға ұсынылуы мүмкін

5.3 Жеңімпаздар мен номинация иегерлері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіні проректорының қолы қойылған дипломдармен және грамоталармен марапатталады

6. КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

6.1 Ұйымдастыру комитетіне келесідей құжаттар тізбесін қамтитын конкурстық құжаттама ұсынылады:

- конкурсқа қатысуға өтінім (1-қосымша);

- жеке куәлік/төлқұжаттың көшірмесі.

- әрбір қатысушының оқу орнынан анықтама;

- ғылыми жетекшінің пікірі (пікірге ғылыми жетекші өз қолымен қол қоюы керек) (2-қосымша);

- талаптарға сәйкес рәсімделген команданың ғылыми жұмысы; лектрондық тасымалдағышта;

- Microsoft Power Point бағдарламалары арқылы ғылыми жұмыс бойынша компьютерлік презентация

6.2 Ғылыми жобаның тақырыбы конкурс бағыттарына сәйкес келуі тиіс;

6.3 Ғылыми жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- Мәтін әріпі - Times New Roman

- жоларалық интервал -1;

- таңба өлшемі - 12 pt,

– жолақ өлшемдері: жоғарғы-2 см, төменгі-2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ-1 см;

- абзац шегінісі - 1,25 см;

парақ форматы — А4.

Мәтінді, кестелер мен суреттерді рәсімдеу МЕМСТ 2.105-95 "Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар" стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Жұмыс көлемі 30 беттен аспауы тиіс (қосымшаларды есептемегенде).

Рәсімделген файл келесі форматта атауы тиісі: *Тегі_атауы_нұс*

6.4 Ғылыми жұмыста келесі бөлімдер қамтылуы тиіс:

- титулдық бет (ЖОО атауы, Жоба атауы, жоба орындаушылары, ғылыми жетекші, қала жыл) (3-қосымша);

- мазмұны;

- үш тілдегі аннотация (тақырыптың өзектілігі; зерттеу объектісі мен пәні; ғылыми жұмыстың мақсаттары мен міндеттері; қолданылған зерттеу әдістері; ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері-ғылыми және практикалық жаңалығы);

- кіріспе;

- негізгі бөлімдер;

- қорытынды;

- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

- қосымша.

6.4 **Конкурстық құжаттама мына мекенжай бойынша ұсынылады:** 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әль-Фараби даңғ 71, «Экономика» кафедрасы, 223-ші кабинет

E-mail: Gulmira.Andabayeva@kaznu.edu.kz

Байланыс телефоны: Кожекенова А.М. (whatsapp) +7(707)8143622

Андабаева Г.К. (whatsapp) +7(701)3203724

7. КОНКУРСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

7.1 Конкурстық құжаттаманы дайындауға байланысты барлық ұйымдастырушылық шығындар конкурсқа қатысушылар есебінен қаржыландырылады;

7.2 Барлық ұйымдастырушылық шығындарды (дипломдар мен грамоталар дайындау, кеңсе тауарларына жұмсалған шығындар, өзге де шығындар) "Экономика" кафедрасы қаржыландырады.

(Міндетті)
Конкурсқа қатысуға өтінім нысаны

Өтінім

"Цифрлық трансформацияның бизнес-процестердің тиімділігіне және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне әсері" тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша халықаралық конкурсқа қатысуға

Мен (Біз), төменде қол қоюшы (лар), "Цифрлық трансформацияның бизнес-процестердің тиімділігіне және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне әсері" тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша халықаралық конкурсы туралы Ережемен танысып,, мені (бізді) конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын (сұраймыз). Өзім (өзіміз) туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын (хабарлаймыз):

1	Ғылыми жұмыстың тақырыбы	
2	Ел	
3	Жұмыс авторы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты)	
4	Автор білім алатын оқу орнының атауы	
5	Білім беру бағдарламасы / мамандығы, курсы	
6	Жұмыс автордың байланыс телефоны	
	<i>Егер ғылыми жұмыс бірнеше автор тарапынан орындалған болса, онда 3–6-тармақтарға сәйкес басқа авторлар туралы мәліметтер де қосымша көрсетілед</i>	
	...	
7	Ғылыми жетекші туралы мәліметтер Сведения о научном руководителе (тегі, аты, әкесінің аты)	
8	-ғылыми дәрежесі (бар болған жағдайда), лауазымы	
9	Жұмыстың сипаты Жұмыстың көлемі	
10	Қосымшалар саны	
11	Суреттер саны	
12	Кестелер саны	
13	Пайдаланылған әдебиеттер саны	
14	Зерттеу сипаты Зерттеу мақсаты	
15	Зерттеу әдістері	
16	Қатысушылардың байланыс телефондары (ТӨ)	
17	Телефон	
18	E-mail:	
19	Өтінімді толтыру күні айы жылы	

Қосымша 2
(міндетті)
Ғылыми жетекшінің пікірі

**(Студент(тер)дің аты-жөні) «Тақырып атауы» тақырыбындағы ғылыми
жұмысына пікір
(топ нөмірі) тобының, білім беру бағдарламасы (шифры, атауы) студенті(тері)**

Мәтін... мәтінмәтін...

Ғылыми жетекші Ғылыми жетекшінің аты-жөні

Қосымша 3
(Міндетті)
Ғылыми жұмыстың титулдық бетінің үлгісі

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

«Экономика» кафедрасы

Ғылыми жұмыс

«_____тақырыбы_____»

Авторлар:

Фамилия,

(Аты-жөні ОБ аты)

Ғылыми жетекші

Аты-жөні ОБ аты

(Аты-жөні, ғылыми немесе
академиялық дәрежесі, лауазымы

Алматы 2026